



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ОРТА ҒАСЫР ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ

Алашбаева Жанна Нурлановна

zhanna_alash@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының PhD докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор М.Қ.Ескеева

Қазіргі түркі тілдерінің қайнар көзі орта ғасыр түркі ескерткіштерінің тілі болып табылатындықтан жазба мұралар тілі мен қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің мағыналық байланысын зерттеу түркі тіл біліміндегі өзекті мәселелерінің бірі. Орта ғасыр ескерткіштері тілі мен қазақ тілінің лексикалық жүйесі тарихи тілдік сабақтастықты ғана емес, жалпытүркілік дүниетанымды сипаттайтын ақпарат көзі. Әсіресе, тіл иесінің сан ғасырлық өмір тәжірибесінен туындап, ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан даналық сөздер мен мақал-мәтелдер халықтың дүниетанымы мен салт-дәстүрін, жалпы болмысын айқындайтын этномәдени мазмұнға бай. Орта ғасыр ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдер мен қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді салыстырмалы тұрғыдан саралап, ортақтықтары мен ерекшеліктерін анықтау ата-бабамыздан қалған сөз орамдарының мән-мағынасын тереңірек түсінуге, семантикалық даму жолын анықтауға мүмкіндік береді.

Тарихқа көз жүгіртсек, қазіргі қазақ халқының атамекенінде бірнеше түркі ру-тайпалары өмір сүргені, олардың барлығы аздаған диалектілік ерекшеліктері бар ортақ тілде, яғни түркі тілінде сөйлеп, бір-бірімен қоғамдық-әлеуметтік байланыста болғаны белгілі. Жалпы түркілік тұтастығынан ажырамаған орта ғасыр түркілері әлемнің көптеген елдерімен мәдени байланыста болғаны да тарихтан белгілі. Ежелден басталған бұл байланыс халықтың тілінде де із қалдырған, оны орта ғасырда өмір сүрген түркі ғұламалары еңбектерінің тілі айқындайды. Орта ғасыр ескерткіштері тіліндегі паремиялар жүйесінің мазмұны, семантикалық уәждері негізінен таза түркілік дүниетанымды сипаттайды.

Орта ғасырлық түркі ойшылдарының еңбектері сол кезеңдегі түркі тілдері және түркі халықтарының мәдениеті мен тарихына қатысты маңызды мәліметтер жинақталған баға жетпес құнды деректер бере отырып, олардың үлгі боларлық рухани білімі мен қасиеттерін кейінгі ұрпақтың бойына сіңіруге үлесі зор. XI-XV ғасырлар аралығын қамтитын түркі тілдері дамуының орта ғасыр кезеңінде хатқа түскен жазба мұралардың ең көнелерінің бірі – Жүсіп Баласағұни жазған «Құтадғу білік», яғни «Құт әкелетін білім» деп аталатын көлемді эпикалық дастан. «Құтты білікпен» мезгілдес жарық керген екінші туынды Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет»/парасатты толғаулар жинағы/ деп аталатын, опылықты уағыздайтын діни шығармасы. Сондай-ақ, А.Яссауи поэзиясымен мазмұндас келетін Ахмет Йүгнекидің «һибат ул хакаиқ»/Ақиқат сыйлығы/ туындысында жақсылық пен жамандық, білімділік пен білімсіздік, байлық пен кедейлік, жомарттылық пен сарандық салыстыра жырланады. Ортағасырлық түркі халықтары ой-санасының ғажайып ескерткіші – М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік», яғни түркі тілі сөздігінің жинағы. Онда түбі бір түркі тілдерінің тұтастығын білдіретін ортақ қасиеттері мен ерекшеліктері, сөздік қоры жинақталған. Орта ғасыр жазба ескерткіштерінің көпшілігі қыпшақ-оғыз, оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған.

Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштер тілін зерттеу түркі тілдерінің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін ашып, әрбір тілдің даму жолын анықтауға септігін тигізеді. Бұл әсіресе орта ғасыр түркі жазба ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдер, нақыл, қанатты сөздерді қазіргі түркі тілдері деректерімен салыстыра зерттегенде анық байқалады. Мақал-мәтелдерді, нақыл, қанатты сөздерді сол ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырған жағдайда ғана сол ұлттың табиғатын шынайы танып білуге болады. Өйткені, ұлттың тарихынан, мәдениетінен,

таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен, психологиясынан, менталитетінен хабардар ететін мақал-мәтелдер, нақыл, қанатты сөздердің этномәдени мазмұны бай болып келеді. Қандай да бір ұлттың тілінде сол ұлттың сол ұлттың сол ұлттың мәдениеті, таным болмысы, тұрмыс тіршілігі сақталатыны белгілі. Тұрмыс-тіршіліктің барлық қырын қамтитындықтан, кез-келген тілдің паремиологиялық қорына әлеуметтік мазмұн тән.

Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінің паремиологиялық жүйесі бойынша зерттеулер негізінен фрагментарлы сипат алып отыр. Зерттеушілердің мақсат-міндеттері мен зерттеу нысанына сәйкес, бірнеше немесе жекелеген ескерткіштер тілінің жалпы лексикасын немесе грамматикалық құрылымын зерттеу аясында және қазіргі түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдерді құрылымдық, антропоэлектік тұрғыдан зерттеу барысында қарастырылып жүр. Мақал-мәтелдерді зерттеуде көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері ерекше орын алады. Қазақ мақал-мәтелдерін ең алғаш қағазға түсірген Ш.Уәлиханов болатын. Қазақ мақал-мәтелдерін жинауда В.В.Радлов, Ә.Диваев, А.Нұрмаханов, Ә.Құрышжанов сияқты атақты ғалымдардың жалпы мақал-мәтел мәселелеріне арнап жазған құнды еңбектері жарық көрді. Сондай-ақ, қазақ мақал-мәтелдері мен фразеологизмдері жайлы зерттеулер жүргізген ғалымдардың еңбектері маңызды болып табылады.

М.Қашқари «Игі істің басы – тіл» деп, өз еңбегінде мақал-мәтелдерге аса мән берген. Қазақ жұрты жеке ұлт болып қалыптасқанға дейін түркі халықтарының ортақ арналарымен жүріп өтті. Бір қауымда өмір сүрген тайпалар тілдерінде өзіндік ерекшелік болғанымен бір-біріне өте жақын, олар бір-бірін оңай түсінген. Екі дәуір кезеңіндегі лексиканың туыстығын, жалғастығын дәлелдейтін негізгі материалдық көрсеткіш - сөз ортақтығы, ұқсастығы. Бұл ортақ сөздер бір қалыпты, яғни бір дәуірдегі мағынада қалып қоймайды. Тарихтың ұзына бойында сөз мағынасы өзгеріп отырады. Тілдің лексика құрамының, ондағы сөз мағыналарының өзгерісі – тілде, үздіксіз болып отыратын процесс. Академик І.Кеңесбаевтың пайымдауынша, "Сөз мағынасы өзгереді, дамиды: мағына аясы бірде кеңейе түсіп, бірде тарылады, түрлі бейнелі мағыналар үстемелеп, бірде сөз қолдану тәсілі толығып, бірде соны мағына туады, заман ағымына қарай, қай реттерде, сөз де, сөз мағынасы да мүлдем жаңарады, сөйтіп сөздің семантикасы үздіксіз екшеліп отырады [1,2]. Заман озған сайын, адам баласының ұғымы да дамып өзгеріске ұшырайды. Қоғамның дамуы, сөз жоқ, болмыс, орталық, зат, құбылыс жайында ұғымның тереңдеуіне, өзгеруіне, жаңаруына, кеңеюіне әкеп жеткізеді. Бір тілдің екі дәуіріндегі лексика-семантикалық даму ерекшеліктерін анықтау салыстырмалы-тарихи аспектіде қарастыруды талап етеді.

Әр ұлттың дүниетанымы, өмірге және қоршаған ортаға деген көзқарасы, салт-дәстүрі т.б. мақал-мәтелдер, нақыл, қанатты сөздерден көрініс табатындықтан мақал-мәтелдердің мағынасы кең, өзек мазмұны – халық өмірі, мәдениеті. Мақал-мәтелдер – ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын, әр халықтың өмірінен деректерді өз бойына жинақтаған халық мұрасы болғандықтан орта ғасырдағы түркі жазба ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдерді зерттеу сол кезеңдегі халықтың өмірін танып білуге көмектеседі.

Орта ғасырда өмір сүрген адамдардың психологиясы, бір-бірімен қарым-қатынасы, менталитеті және рухани мәдениеті т.б. мақал-мәтелдердің мазмұндық құрылымындағы компонент болып саналады. Ресейлік ғалымдар Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаровтар мақал-мәтелдерді тілдің афористік деңгейіне жатқыза отырып, олардың ұлттық мәдениетті екі жақты таңбалайтынын айтады: Біріншіден, мақал-мәтелдер типтік ситуацияны атайтын және бейнелейтін біртұтас тілдік бірлік ретінде ұлттық мәдениетті өзінің жиынтық мағынасына қатысты тұтастай таңбалайды. Екіншіден, өзінің құрамына енетін сөздер мен олардың лексикалық фоны, сондай-ақ жасалуына негіз болған еркін тіркестің мағынасы арқылы мақал-мәтелдер ұлттық мәдениеттің компоненттерін бөлшектеп танытуға қабілетті [2].

Мақал-мәтелдер құрамындағы сөздердің семантикасына енетін лексикалық ұғымдар, тәлімдік-ғағылымдық сипаты ұлт мәдениетін танытумен ерекшеленеді. Ә.М.Қайдар: «Мақал-мәтелдер – құрамдық-құрылымдық қалпы тұрақты, поэтикалық заңдылық бойынша құрылып, көркем де әуезді болып келетін, негізгі (тура) мағыналары абстракцияланып, ауыс

мағынасында, гомоцентристік принцип бойынша Адамға ғана қатысты қолданылатын этнолингвистикалық күрделі құбылыс», - деп атап көрсетеді [3]. Демек мақал-мәтелдер халықтың дүниетанымын сипаттайтын өмірлік ұстанымдар жүйесі, адам болмысы жайлы, өмірдің мәні мен қоршаған орта туралы тәжірибелік білім қоры.

Орта ғасыр мұрасы М.Қашқаридың «Диуани луғат ит-түрк» шығармасында берілген мақал-мәтелдерді семантикалық мазмұныны түркілердің өмірлік ұстанымдары мен оларға тән адами құндылықтардың шарттарын сипаттайды:

Iglik tutruyï az bolur `Науқастың өсиеті жақсылық белгісі`. Бұл мақал өсиет айтып жатқан науқастың алдында көңілге медет үшін ауызға алынады (МҚ I, 109). Ауырып жатқан науқастың көңілін көтеріп, үміт отын жағу қазіргі қазақтар үшін де адамгершілік қасиеттердің негізгілерінің бірі болып саналады.

Ingan iñrasa botu bozlar `Інген аңыраса, бота боздар`. Бұл мақал туған-туысқандардың бір-біріне жанашыр, мейірімділігін білдіру үшін айтылады (МҚ I, 150). Қашқари тіліндегі қазіргі қазақ тіліне өзгеріссіз жеткен мақалдардың бірі болып табылады. Қазақ дүниетанымы бойынша бұл мақалдың семантикалық негізі ананың қайғысы балаға да ауыр болатынын меңзейді, семантикалық даму барысында басқа да қандық туыстығы бар адамдарға қатысты да қолданыла бастаған.

Beş erñek tüz ermes `Бес саусақ түзу емес` (МҚ I, 151). Қазақ тілінде *Бес саусақ бірдей емес* бірдей емес нұсқасында қолданылады. Семантикалық негізі `барлық адам бірдей емес`, тіпті бір ата-анадан туғандардың да адамгершілік қасиеттері мен қарым-қабілеті бірдей болматынын сипаттайды.

Bütün ömlüg qanşa qolsa olturur `Ыштаны бүтін қалай қаласа, солай отыра береді; ыштаны бүтін қалаған жеріне отырар`. Бұл мақал күнәсіз, пәк адамды ешқандай жала, өсек қаралай алмайды деген мағынада (МҚ I, 265). Қазақ тілінде бұл мағына басқа мақалдар арқылы беріледі, мысалы: *Аққа құдай жақ, Аққа қара жұқпас, т.б.* Ал тілімізде қолданылатын *Шалбары бүтін қалаған жеріне отырады* мақалының семантикасында біршама өзгерістер бар, негізінен *Қолыңнан келсе, қоншыңнан бас, Қазаншының өз еркі қайдан құлақ шығарса* мақалдарының мазмұнымен мәндес.

Sögüm süliñe qazıñ qasıñ `Мәжнүн талға нәзіктік, қайыңға қаттылық жарасар` Бұл мақал барлық нәрсе өз тегіне тартқаны жақсы дегенді білдіреді (МҚ I, 413). Қазақ тілінде бұл мағынада: *Әйелге нәзіктік, еркекке қайраттылық жарасар т.б.*

Ескерткіштер тілінде адамның саналы іс-әрекетін, еліне-жеріне сүйіспеншілігін, ұрпағына өсиетін, адамгершілігін, қанағатшылдығын, қарапайымдылығы мен мейірімділігін т.б. адами қасиеттерін сипаттайтын мақал-мәтелдердің жиі қолданылуы орта ғасыр түркілері тілінде бейнелі де көркем, бай әрі терең мазмұнды паремиялогиялық жүйе қалыптасқанын көрсетеді. Мысалы:

Tilkü öz inige ürse usuz bolur `Түлкі өз ініне үрсе, қотыр болар` Бұл мақал өз елін, өз жерін жамандамауға шақырады (МҚ I, 84).

Öküz azaqı bolyınşa buzañu başı bolsa jig `Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болса игі`. Бұл мақал басқаға жүгінді болғаннан, бас-басына болған артық дегенді білдіреді (МҚ I, 84).

Öd keşer kişi fujmas, Jalıñuq oylı meñgy qalmas `Заман өтер, кісі тоймас, Адам ұлы мәңгі қалмас` (МҚ I, 73).

Tirig esen bolsa tañ üküş körür `Аман болса тірі жан таңды көп көрер` Бұл мақал адамның басы аман болса, таңданарлық қызық жайларды көп көрер дегенді білдіреді (МҚ I, 73).

Suv işürmeske süt ber `Су ішірмеске сүт бер` Саған жамандық істегенге жақсылық қыл деген мағынада (МҚ I, 259). *Suv işürmeske süt ber* `Су ішірмеске сүт бер` Саған жамандық істегенге жақсылық қыл деген мағынада (МҚ I, 259). Салт — дәстүрімен дінін ұштастыра білген дана халқымыз бұндайда: «таспен ұрғанды аспен ұр» немесе «жақсылыққа жақсылық — әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық — ер адамның ісі», — дейді. Жамандықты ең көркем түрде жолға сал, жамандыққа қарсы жақсылық қыл, сол уақытта сені

мен екеуің араңда дұшпандық болған біреу, өте жақын достай болып кетеді.

Адамның бойына біткен мінез-құлық, ақыл-ой, білім, сана, адалдық, жомарттық, кеңпейілділік, тектілік немесе осыларға қарама-қарсы қасиеттері (еріншектік, мақтаншақтық, т.б.):

Är megüğe eşik art bolur `Еріншекке есік асу болар` (МҚ I,71). Қазақ тілінде: *Еріншектің ертеңі бимнес т.б.*

Sartniñ azuqı arıy bolsa jol üzä jer `Саудагердің азығы таза болса, жол үстінде жер`. Бұл мақал айтқан сөзінің үдесінен шыға алмайтын, құр мақтаншақ адамға қарата қолданылады (МҚ I, 95). Қазақ тілінде: «*Орынсыз мақтау орға жығады*», «*Жетім бала жасқаншақ, жетесіз бала мақтаншақ*».

Erik erini jaylıy ertegü başi qanlıy `Іскердің ерні майлы болар, еріншектің басы қанды болар`. Бұл мақал жалқаулықтан без, қайраттанып жаныңды салып жұмыс істе дегенді насихаттайды (МҚ I, 100). Қазақ тілінде: «*Еңбек деген байлық бар ерінбеген жететін, жоқшылық деген жебірді жермен жексен ететін*», «*Еңбек етсең емерсің, ерінбесең жеңерсің*», «*Еңбеккер ұйқыдан ширап тұрады, еріншек ұйқыдан қирап тұрады*», «*Ерінбесең еңбегің өнеді*», т.б.

Ermegüge built jük bolur `Еріншекке бұлт жүк болар` (МҚ I, 167). Қазақ тілінде: «*Еріншектің ісі – екі*», «*Еріншектін ертені бітпейді*», т.б.

Халықтың тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүр, әдет-ғұрпының, рухани мәдениетіне қатысты мақал-мәтелдер жиынтығы тілде паремиологиялық бейнені сомдайды. Онда бастан өткерген оқиғалар мен тарихи тұлғалар туралы мәліметтер, көне наным-сенім мен діни көзқарастар, қоғамдық құрылым мен қоғамдық қатынас жүйесінің айшықты суреттемесі көрініс тауып, ұлт өкілінің өзін қоршаған шындық болмыс туралы танымы, жасаған пайымы, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасы, берген бағасы тұрақтылық сипат алады.

Екі дәуір мақал-мәтелдеріндегі ұқсастықтар мен ортақтықтар жалпытүркілік тілдік сананың беріктігін, дүниетаным ортақтығын, паремиялық мағынаның сабақтастығын көрсетсе, кейбір айырмашылықтар қазақ халқының төл болмысына сәйкес паремиялық жүйенің дамығанын сипаттайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілі түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қаз.ССР Ғылым акад. баспасы, 1961, 356 б.
2. Вершагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедание в преподавании русского языка как иностранного. – Москва, 1990, 246 с.
3. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: Толағай. 2004, 560 б.
4. Махмұт Қашқари, «Түрік тілінің сөздігі»: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. — Алматы: ХАНТ баспасы, 1997, 590 б.

ӘОЖ 398.1

ҚОРҚЫТ ТУРАЛЫ АҢЫЗДАРДАҒЫ ШАМАНДЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Алимбеков Руслан Жұмасілұлы

alimbekovrus@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының PhD докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор М.Жолдасбеков

Алтайдан Анадолияға дейінгі ұлан ғайыр территорияны мекен еткен түбі бір түркі халықтарына ортақ жәдігерлер түркі тектес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының